

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірілігі

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты

«Бекітемін»

АрқМПИ ректоры

г.ғ.д. Куанышбаев С.Б.



«25» 12 20 13 г

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының студенттерің білімін бағалауды ұйымдастыру
ЕРЕЖЕСІ

АрқМПИ Ғылыми кеңес
отырысында № 2 хаттамада
«25» 09 20 13 ж
қаралды

Арқалық 2013

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенттерінің білімін бағалауды ұйымдастыру ЕРЕЖЕСІ - Арқалық:
АрқМПИ баспасы, 2013ж. - 4 бет

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының ресми рұқсатсыз ресми баспа ретінде бұл нұсқаулық толық не болмаса жартылай көбейтілмейді және таратылмайды.

Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректорының ресми рұқсатымен ғана үшінші тұлғаға берілуі мүмкін.

Құрастырғандар:

Офис-Регистратордың басшысы Л.С.Шайменова.

1 .Қолданатын саласы

1. Мемлекеттік емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі осы Ереже 27.07.2007 жылғы № 389-І «Білім туралы» ҚР Заңына, 2011 жылғы 20 сәуірдегі ҚР БҒМ № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың несиелік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібіне», 2011 жылғы 16 наурызындағы ҚР БҒМ № 94 бұйрығымен бекітілген «ЖОО-да білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне» сәйкес дайындалған (әрі қарай -Ереже).

2. Ережеде студенттердің білімін бақылауды ұйымдастыру мен өткізу туралы негізгі ережелер, ағымдық бақылаудың түрлері қарастырылған.

3. Осы ереже Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының нормативті-анықтамалық құжатнама құрамына кіреді және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің шегінде орындалуға міндетті.

2.Жалпы ереже

1.1. Несиелік жүйеде білім алу бойынша білімді бағалау және бақылау баллдық-рейтингтік әріптік жүйеде бақылаудың келесі түрлері көрсетілген:

- Ағымдық бақылау
- Аралық бақылау
- Қорытынды бақылау (емтихан)

1.2. Қорытынды бағаға ағымдық үлгерім және қорытынды бақылау (емтихан) кіреді. Ағымдық бақылау 60%-ды, ал қорытынды бақылау (емтихан) -40%: құрауы қажет. Студенттердің білімі баллдық-рейтингтік әріптік жүйемен бағаланады:

1 кесте

Әріп жүйесі бойынша	Сандық эквивалент	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өтте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттансыз
F	0	0-49	

3.Студенттердің білімін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу

2.1. Студент семестр бойы оқу үрдісінің кестесі бойынша екі аралық бақылау тапсырады, тек 1 кредиттік пәннен 1 аралық бақылау тапсырады.

2.2. Әр аралық бақылаудың бағасы студенттің ағымдық бағасы мен аралық бақылау бағасынан құралады.

2.3. Ағымдық бақылаудың түрлері - сабаққа қатысу, практикалық жұмысты орындау, үй тапсырмасын орындау, СӨЖ, лаборатория сабақтары. Студент бағалау аралығында 100 балл алуы мүмкін (1кестені қараңыз).

2.4. Аралық бақылау мамандықтың өзгешелігіне байланысты коллоквиум, тест, жазбаша сұрау және т.б. түрде алынуы мүмкін.

2.5. Қорытынды емтихан жүзбаллдық шкалада бағаланады.

2.6. Қорытынды баға оқу жұмысының көлемімен кредиттерге байланысты мына формуламен есептелінеді:

$$Қ\%=(P_1 +P_2)/2*0,6+E\%* 0,4$$

Мұнда Қ% - қорытынды баға, Р - аралық бақылау, Е - емтихан бағасы.

1 аралық бақылаудың максимальді жиынтық баллы 100 баллды құрайды.